

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы

Консультациялық пункт:

«Үй жағдайында дамытушы ойындар»
(ата-аналарға кеңес)

Педагог-психолог: Н.М.Шамшина

Қаңтар, 2024жыл

Ерте заманнан - ақ адам өзін қоршаған ортаның тылсым тіршілігін тануға әрекет жасаған. Ал айнала дүниені танып білудің, белсенді іс - әрекеттің алғашқы түрі заттық іс - әрекет болып табылады. Нәресте заттық іс - әрекеттен бірте-бірте ойын әрекетіне ауысады. Барлық адам өзінің тұлға ретінде даму ерекшелігінде ойын іс әрекетін бастан кешіреді. Сәбилік кезеңнен бастап бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп ұғынады. Тек көру, сипап - сезу, байқап- тану арқылы емес, тікелей араласып, іс-әрекетке көшуін нақты қарым-қатынас барысында біледі. Осылайша, ойын адамның өмір танымында шешуші мәнге ие. Баланың таным түсінігі, іс-әрекеті ойыннан басталып, оның негізгі болашақ өмірінде оқу, еңбек іс-әрекетімен жалғастырылады. Ойын - бала үшін оқу да, еңбек те. Ойын - айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын - балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретін қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады.

Ойын балалардың негізгі іс - әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық - физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын - баланың даму құралы, таным- көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Ойын - өзіндік көп жоспарлы педагогикалық құбылыс болып табылады. Ойын балаларды оқытудағы негізгі - әдіс, жеке тұлғаны жан - жақты қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, танымдық қабілеттерін дамытады.

Таным процесстерін белсендіреді, зейіні мен қызығушылығын тәрбиелейді. Балаларды қоғамдық жағдайларға бейімдеу қабілетін дамытады. Ережелер бойынша әрекет етуге үйретеді. Қызығушылығын дамытады.

Сөздік ойындар балалардың сөйлеу тілін дамытуға көмектеседі: сөздікті кеңейтеді және белсендіреді, дыбысталуын дұрыс қалыптастырады, байланыстырып сөйлеу тілін дамыдаты, өз ойын дұрыс жеткізу, заттар туралы өзбетімен әңгіме құрастыру, табиғи құбылыстар мен қоғамдық өмір жайлы мазмұндау дағдысы қалыптасады. Мысалы мынандай ойындар арқылы: «Бір сөзбен ата», «Үш затты ата».

Көптеген ойындар процессінде ойлау мен сөйлеудің дамуы қатар жүреді. Мысалы: «Біз нені ойладық? Тап».

Ойын іс - әрекетінде балаларда адамгершілік түсініктері, қоршаған орта заттарына деген қарым - қатынасы қалыптасады. Құрбылары мен үлкендер арасындағы өзара қатынас, жеке тұлғаның жағымды және жағымсыз жақтары жетіледі.

Ойын кезінде балалардың мінез - құлықтары пайда болады.

Жоғарыда айтылғанның барлығын қорытындылай келе, мынандай шешім жасауға болады:

- Ойын - бұл жан жақты және күшті ынталандырушы;
- Ойын - барлық психикалық процесстерді белсендіреді;
- Ойында әрбір қатысушы белсенді қатысып отырады;

-Ойын баланың өміріндегі шекараларды кеңейтеді. Яғни тәжірибесі жоқ бөтен біреудің ертегісін әңгімелеп беруі мүмкін.

Танымдық қабілеттерін дамытуға арналған ойындар.

Тақырып: «Жемістер мен көкөністер»

Зияткерлігін дамыту: Ойын : «Дүкен»

Мақсаты: Өртүрлі қарым-қатынастыға сөйлеу тілін меңгеру. Алған білімдерін жалпылау (жемістер, көкөністер).

Мотивациялық компоненті: Алдын - ала суреттермен жұмыс.

Тәжірибелік компоненті: өзбетімен нақты сөздерді жалпылау (мысалы: қызанақ, қияр көкөністер).

Тақырып: «Дене мүшелері»

Зияткерлігін дамыту: ойын «Сен өзінді білесің бе?»

Мақсаты: Дене мүшелері жайлы білімін бекіту. Есінде сақтау және оларды ойша сәйкестендіру.

Мотивациялық компоненті: Алдын -ала қуыршақпен жұмыс. Дене мүшелері туралы әңгімелеу.

Тәжірибелік компоненті: Аталған дене мүшелерін суретпен сәйкестендіру.

Адам суретін салу.

Тақырып: «Жануарлар»

Зияткерлігін дамыту: ойын «Жануарлардың төлдерін тауып бер»

Мақсаты: Жануарлар және оларды төлдері жайлы білімін кеңейту.

Мотивациялық компоненті: Алдын - ала сурет немесе жануарлар ойыншығымен жұмыс.

Тәжірибелік компоненті: Жануарлар мен төлдер атауларын дұрыс атау.

Төлдерін тауып беру.

Тақырып: «Түстер»

Зияткерлігін дамыту: ойын «Айдостың шарлары»

Мақсаты: Түстер туралы білім беру. Көру зейінің дамыту және ұсақ моторикасын жақсарту.

Мотивациялық компоненті: Алдын - ала түстерді түсі және атауы бойынша сәйкестендіру.

Тәжірибелік компоненті: Шардың контуры суреттелген суретке түрлі - түсті магнитті жапсыру. Нұсқау бойынша түстерді табу.

Заттық іс әрекеттерін дамыту:

Ашу жабу ұғымдарын дамыту. (үй жағадйында қазанды ашу жабу)

Заттарды ыдысқа жинау(бір қолмен немесе екі қолмен бірге жинау)

«Күлшеқыз»ойыны

Жармалармен жұмыс. (күріш пен қарақұмық сұрыптау)

Үлкен кіші ұғымдарын қалыптастыру.

Алғашында балаға үлкен кіші заттарды көрсету. Қолдарымен ұстап тексерту.

Кейін нұсқауларды орындауға итермелеу: үлкен допты көрсет, кіші текшені бер т.б. ойындар үлкен қорапқа үлкен заттарды салу, кіші қораптарға кіші заттарды салу.

Ұсақ моторикасына арналған ойындар:

Банканы ашу жабу(бұрандалмалы).

Фасольмен жұмыс немесе күрішпен.

Есту қабілетін дамыту ойындары:

Үйдегі заттар дыбысына назар аударту. (судын дыбысна, заттарды банкілерге салып тындату, әртүрлі ойыншықтар дыбысы).

Жалпы моторикасына арналған ойындар:

Қорыта айтқанда, ойынның үй жағдайындағы қай түрі болмасын, баланың ұсақ моторикасын дамытудағы бастапқы, қолжетімді әдіс болып табылады. Ұсақ моторика дамыған сайын баланы сөйлеу тілі де шыға келеді. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына өз септігін тигізеді және бүлдіршіндерді тәрбиелеу мен оқытуда тиімділігін көрсетуде. Аталмыш жұмысты қорытындылай келе, мынадай ұсыныс білдірудемін: -Мектепке дейінгі білім жүйесінде ойын технологиясын қолдану; -Баланың ұсақ моторикасын қолда бар дүниемен барлық ереже нормаларды сақтай отыра дамыту, арттыру; -Баланың сөйлеу тілінің шығуына үлкен мән беру; - Баламен әрқашан да сөйлесу, сұрақтарына жауап беруден қашпау. «Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, Білікті адам жетер тілек,бағына», - деген ғұлама Жүсіп Баласағұнның сөздерін өмірлік қағида етіп ұстаныпж әне жаңашыл әдістерді іздеуден жалықпайық.

